



Құрметті студент!

2017 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B020100	«Философия»	1. Ежелгі дүние философиясының тарихы 2. Қазақ философиясының тарихы 3. Әлеуметтік философия 4. Әлеуметтік антропология

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Ежелгі дүние философиясының тарихы
 2. Қазақ философиясының тарихы
 3. Әлеуметтік философия
 4. Әлеуметтік антропология
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Ежелгі дүние философиясының тарихы

1. «Варна» сөзінің санскриттен аударғандағы мағынасы:

- A) жамылғы
- B) жас
- C) түр-түс
- D) қабық
- E) бөлік
- F) шет

2. Үнді дүниетанымындағы «рита» сөзінің мағынасы:

- A) әдет нормаларын сақтау
- B) өмір сүру заңдылығын сақтау
- C) ұл ретіндегі кішіпейілділік және шынайылық
- D) дүниедегі адамгершілік заңы
- E) ведаларды құрмет тұту

3. Жанның көшуі туралы ілімді мағынасыз деп есептеген:

- A) миманса
- B) санкхья
- C) вайшешика
- D) ньья
- E) чарвака-локаяттар
- F) веданта
- G) ортодоксалды емес
- H) материалистік

4. Веданың беделін мойындамайтын философиялық мектептерге жататындар:

- A) ньья
- B) буддизм
- C) йога
- D) вайшешика
- E) миманса
- F) веданта

5. Самхиттердегі табиғаттың қалыптасу үдерісінде болатын «мән мен мән емес», «төмен мен жоғары», «күн мен түн», «өмір мен өлім» атрибуттары:

- A) атман
- B) табиғат
- C) өз-өзінің себебі болып табылатындар
- D) қайшылық тудырмайтын нәрселер
- E) карма
- F) адам

6. Көне Үнді философиясындағы «атман» ұғымы:

- A) материалды элементтердің бірі
- B) материяның ерекшеліктері
- C) рухани субстанция
- D) заттардың сапасы
- E) нәпсі
- F) барлық тіршілік иесіне тән нәрсе

7. Чарвака-локаята мектебі бойынша дүниенің алғашқы бастамасы:

- A) атман
- B) дао
- C) дә
- D) жер
- E) от
- F) су

8. Алғашқыда Көне қытайлық философиядағы Ци бөлшегінің мәні:

- A) ауа
- B) әйелдік бастама
- C) инь мен ян біріктіруші
- D) ер бастамасы
- E) кемелдену жолы

9. Көне Қытай философиясындағы «инь» ұғымының мәні:

- A) жарық
- B) мораль
- C) табиғилық
- D) айға ұқсас затты
- E) алғашқы материя
- F) от

10. Легизмнің негізін салушы Хан Фэй-цзының негізгі идеялары:

- A) жетілген адамның бейнесін жасау
- B) елдегі халықтың өсуі, байлықтың жеткілігі мен жетіспеуі – қоғамды өзгертетін басты себепкер
- C) өмірдегі азап-мұң жарық дүниеге келуден басталады
- D) қоғамның дамуына орталықтандырылған абсолютті мемлекет қажет
- E) қанағат табу, рахаттану – жақсы өмірдің мұраты

11. Көне Қытайда абыз-философтар түсінігінің «нәрестесі» болды:

- A) ақыл-ойдың
- B) билеушінің
- C) бес элементтің
- D) жоғары мен төменнің
- E) әділеттіліктің
- F) құдайлардың

12. Лао-цзыға тән көзқарас:

- A) «Дао мәңгі және атаусыз»
- B) «Жеңімпаз қастандық тудырады, жеңілген қайғыда ұйықтайды»
- C) «Тек адамгершілігі бар Адам ғана адамдарды сүйе алады және жек көре алады»
- D) «Мен жаратушы емеспін, дәнекермін»
- E) «Өзгенің мінін көру оңай, өзіңдікін көру қиын»
- F) «Аз сөйлеп, табиғилықты тұтыну керек»
- G) «Әрекетсіздік жасап, сабырлық сақтап, дәмсіз нәрседен дәм тату керек»

13. Даосизмдегі әрбір адам ұстауы шарт ережелер:

- A) қатаң жазалау тәртібі
- B) өзіңше ішкі тыныштық күйге жету
- C) бәрі де заңға бағынуы керек
- D) философиядағы жетік білім
- E) бағытына сенімді болу

14. Кун Фу-цзы жетік игерген өнер түрлері:

- A) рәсім сақтау, музыканы түсіну
- B) сан, танымның объектілерін санау арқылы тану
- C) үйлесімділік
- D) ведалық салт-рәсімді сақтау
- E) философиядағы жетік білім
- F) мені практикалық тұрғыдан түсіндіретін метафизикалық таным

15. Конфуцийдің пікірінше «асыл Адам» қорқатын нәрселер:
- A) дана сөздер
 - B) қоғамның қатаң иерархияға бөлінуі
 - C) табиғаттың дүлей күштері
 - D) реинкарнация
 - E) өмірдің шектеулілігі
 - F) көктің әмірі
 - G) ұлы адамдар
16. Йога ұсынған азат болудың сегіз жолының соңғы сатысы:
- A) Дұға оқу
 - B) Ән айту
 - C) Шоғырлану (самадхи)
 - D) Назар салу (дхарана)
 - E) Ойлану (дхьяна)
 - F) У-вэй күйі
 - G) Даоға қол жеткізу
17. Антикалық эклектизм сүйенеді:
- A) Элей мектебінің философиясына
 - B) Парменид философиясына
 - C) Сократтан кейінгі философияға
 - D) Классикалық философияға
 - E) Милет мектебінің философиясына
18. «Әлем бөлінбейтін, көзге көрінбейтін атомтардан тұрады» деген онтологиялық қағиданы ұстанған:
- A) Парменид
 - B) Фалес
 - C) Эмпедокл
 - D) Гераклит
 - E) Анаксимен
 - F) Левкипп
 - G) Демокрит
19. Платон бойынша мемлекеттік биліктің бұрыс түрлері:
- A) Полиархия
 - B) Тимократия
 - C) Абсолюттік монархия
 - D) Конституциялық монархия
 - E) Олигархия
 - F) Монархия
 - G) Тирания

20. Ертедегі грек философиясындағы «Апейрон» ұғымы:

- A) Нақтылықты білдіретін Пифагордың енгізген ұғымы
- B) Атомның қозғалысы
- C) Айқын емес, шексіз алғашқы бастаманы білдіретін Анаксимандрдың енгізген ұғымы
- D) Сандар мен формулалардың орын ауыстыруы
- E) Шексіз, формасыз бастама, сапасыз материя
- F) Мәңгі қозғалыста өмір сүретін әлемнің алғашқы бастауы

21. Элей мектебінің ерекшелігі:

- A) Мистикалық идеализм
- B) Субъективті идеализм
- C) Онтологиялық мәселенің қалыптасуы
- D) Метафизиканың алғашқы принциптерінің пайда болуы
- E) Медициналық практика
- F) Мифологияға қайта оралу
- G) Сандарды құдіретті ету

22. Кіші софистика өкілдері:

- A) Демокрит
- B) Алкидам
- C) Аристотель
- D) Критий
- E) Фрасимах

23. Аристотельдің «Саясат» атты еңбегі:

- A) Әлеуметтік және саяси философияның бастауларынан тұратын мемлекет туралы трактат
- B) Қазақ халқының тұрмысын баяндайтын еңбек
- C) Қытай халқын бақытты өмір сүруге шақыратын еңбек
- D) Еңбекте «Адамды саяси жан» - деп түсіндіреді
- E) Идеалды қаланы теориялық тұрғыдан құруға негізделген еңбек

24. Антикалық философиядағы атомдар туралы ілімді дамытқандар:

- A) Эпикур
- B) Секст Эмпирик
- C) Сократ
- D) Демокрит
- E) Лукреций Кар

25. Сотериология дегеніміз:

- A) Тазару туралы ілім
- B) Бостықты білдіреді
- C) Уақыт пен кеңістіктегі тыныштықты білдіреді
- D) Заттық субстанция
- E) Шексіздікті білдіреді
- F) Плотиннің енгізген «Жанды құтқару» туралы ілімі
- G) Әлемді басқаратын асыл тас

**Ежелгі дүние философиясының тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазақ философиясының тарихы

1. «Болмыс» ұғымына ұқсас ұғымдар:

- A) «реалдылық»
- B) «шындық»
- C) «тіршілік»
- D) жеке мүдде
- E) «мүмкіндік»
- F) рестратификация
- G) саяси ұйым

2. Уақытты табиғи тұрғыдан түсіну көрінісінің үлгісі ретінде «наурыз» айының мән-мазмұны:

- A) молшылық
- B) құстардың оралу уақыты
- C) көкке ілігу
- D) күннің ұзаруы
- E) жаңбырлы
- F) күннің қысқаруы
- G) ұлыстың ұлы күні

3. Қазақ халқына тән даналықтың өзіндік ерекшеліктері:

- A) өзіндік қадір-қасиет шамасы
- B) дүниеге деген көзқарастың көкжиектілігі
- C) дала тынысының заңдылығына қарсы тұру
- D) табиғатқа үстемдікке ұмтылыс
- E) персоналық
- F) есте сақтап қалу қабілеті
- G) табиғатпен үндестік

4. «Жерұйықты» іздеген ойшыл:

- A) А.Иүгінеки
- B) С.Бақырғани
- C) "Дала философы"
- D) Кетбұға
- E) Қорқыт ата
- F) Әз Жәнібектің бас биі
- G) Асан қайғы
- H) Қ.А.Яссауи

5. Орхон жазбаларының тәрбиелік мәні:

- A) рухы мықты адам ғана жеңістерге жетеді
- B) әлеуметтік қайшылық
- C) ұрыс даласындағы ерліктер
- D) мәдени мұра мазмұны
- E) өнерге тұшыну
- F) аңыз-әңгімелер

6. «Қорқыт ата кітабының» қазақ тіліне аудармасын жасаушылар:

- A) Ә.Тарази
- B) Ә.Тәжібаев
- C) Ә.Қоңыратбаев
- D) Ә.Марғұлан
- E) Н.Келімбетов

7. Ерте дүние дәстүрінде жусан шөбінің адам өмірі мен түсінігіндегі рөлі:

- A) этикалық тұрғыдан рухтандырылған
- B) көшпелі қоғамдағы қажеттілік
- C) туған жерге деген сағынышпен тығыз байланысты
- D) қазақ рухани дүниесіндегі құндылық
- E) үздіксіз қозғалыстағы кеңістіктің шексіздігінде (сегіздік) өмір сүретін адамды әлемнің қабылдауы

8. Танымдық қатынас жағынан батырлар жырының өнердегі аңдар стиліне ұқсас болу себебі:

- A) өз қара басының қамын ойлаушылық
- B) жасандылықтан арылмаған
- C) жасалған ерліктер шектен тыс аспайды және терең астарлы
- D) қандайда бір беделге, құрметке ұмтылыс
- E) тарихи және күнделікті өмірдегі адамдардың болуы
- F) оқиға астары жасырын емес
- G) өтірік қиялға құрылу

9. Сүлеймен Бақырғани ақынның жырлаған ғашықтық ұғымының мәні:

- A) әлеуметтік қайшылық мәселелері
- B) шексіз махаббат дариясына ұшыру
- C) ақыл-парасат, қанағат-ынсап мәселелері
- D) үлгі-өнеге сөздері
- E) тар қапасқа қамалған жанды тордан азат ету
- F) қоғамдық өмірді дәріптеу
- G) үгіт-насихат айту
- H) мәңгілікке талпыныс

10. Әл-Фарабидің музыка теориясына арналған шығармаларының бірі:
- A) «Музыка жайлы» трактаты
 - B) «Китаб әл-мусики әл-кабир»
 - C) «Саясат»
 - D) «Музыка ғылымының негіздері»
 - E) «Музыкалық композиция»
 - F) «Музыка ғылымына кіріспе»
 - G) «Музыканың үлкен кітабы»
 - H) «Музыкалық аспаптар»
11. Анахарсис өз ақыл-ойымен және тапқырлығымен Грекия жерінде қол жеткізген жетістіктері:
- A) Реформаторшы ретінде
 - B) Теңізде жүзуді жетік меңгеруі
 - C) Олимпиада ойындарына қатысуы
 - D) Солонмен достасуы
 - E) Грек тілін меңгеруі
 - F) Грек мәдениеті мен өнерін меңгеру
 - G) Ареопа мүшесі болуы
 - H) Грекияны басқарудың жоғарғы ұйымы мүшесі
12. Шығармалары дерлік нақыл сөздерге, афоризмдік толғауларға толы, тоқсан үш жасында көз жұмған жырау:
- A) Үмбетай
 - B) Шалкиіз
 - C) Шал ақын
 - D) Жыраулығына батырлығы сай тұлға
 - E) «Күмбір-күмбір кісінетіп...» жырының авторы
 - F) Бұқар жырау
 - G) Ақтамберді
 - H) Доспамбет
13. XIX ғ. өмір сүрген тарихта "Зар заман ақындары" деген атпен аталған ақындар:
- A) Шортанбай Қанайұлы
 - B) Ш.Құдайбердіұлы
 - C) С. Мұқанұлы
 - D) М. Әуезов
 - E) Мұрат Мөңкеұлы
 - F) Мәшһүр Жүсіп
 - G) Дулат Бабатайұлы
 - H) М.Жұмабаев

14. Қазақ шешендігіндегі уақыт мәселесінің қойылу ерекшелігі:

- A) моральдық сапа
- B) адамдағы бастамалық құбылыс
- C) адамның өмір мәнінің ашылу аясы
- D) тұтас әлем тәртібі
- E) қоғамдық сана мен қоғамдық пікірдің қалыптасу өлшемі
- F) өмір сүру
- G) адамның өзін-өзі негіздеу құралы
- H) адами қасиеттерді түсіну мен игеру әдісі

15. XIV-XV ғғ. рухани-шипагерлік дәстүрге сүйеніш болған тәжірибе:

- A) халық даналығы
- B) әлеуметтік орта
- C) жан мен тән тазалығын сақтау
- D) теріс көзқарастар
- E) мемлекетаралық факторлар
- F) исламдық түп-тамыр

16. М.Х.Дулати үшін ұғымсыз адам:

- A) қиындыққа мұқалмайтын
- B) өнегелі істегі қайсарлық
- C) қылжақбас та құныкер
- D) «жақсы іс – қайыр садақа» деуші
- E) қайырымдылардың қатарындағы
- F) опасыз да топас
- G) зұлымдықтан шалқак ұстаған

17. Ш.Уәлиханов пікірінше, шамандықтың туу себебі:

- A) Адамның танып білуге ұмтылған рухы
- B) Ағартушылық, білімге ұмтылыс
- C) Ажалдан құтылу әрекеті
- D) Аспан әлемін тануға ұмтылыстан
- E) Адамның терең ойы, ішкі дүниесі, оның қоршаған дүниеге қатынасы
- F) Бір құдайға сенуге талпыныстан
- G) Өмір ауыртпалығын болдырмау мақсатымен
- H) Табиғатқа құштарлық

18. «Адам бол» идеясының авторы:

- A) Ш.Уәлиханов
- B) Ш. Құдайбердіұлы
- C) Ә.Бөкейханов
- D) А. Байтұрсынұлы
- E) А. Құнанбайұлы
- F) Қазақ халқының брендіне айналған ойшыл
- G) М.Шоқай
- H) «Қара сөздердің» авторы

19. Абайдың философиялық құрылымындағы Құдай-Алланың алатын орны:

- A) Әлемдік ақыл
- B) Алғашқы түрткі
- C) Жаратушылық
- D) Таным
- E) Хакімдік
- F) Абсолюттік идея
- G) Әлемдік парасат
- H) Болмыс

20. Алаш көсемдері алғашқы бейресми жалпыұлттық саяси баспасөз болып табылатын газетті «Қазақ» деп атау себебі:

- A) Қараңғылықта ұстамақ болған патшалық саясатпен байланысты
- B) Отаршылдардың «қырғыздар» деп кемсіте атауымен байланысты
- C) Дара ұлтшылдықты қолдауымен байланысты
- D) «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аруақты аты деп...»
- E) Жалпы түркістаншылдықпен байланысты
- F) Жеке мүддені дәріптеумен байланысты
- G) Большевиктер саясатымен байланысты
- H) Патша әкімшілігінің мүддесін көздеумен байланысты

21. А.Байтұрсыновтың еліміздің дербестігін сақтап қалуда ана тілінің рөлін бағалаудағы еңбегі:

- A) Халық батырларын дәріптеп, қайратты ерлерді ұрпағына ана тілінде өнеге еткен
- B) Үш тілдік саясатты ұстанушы
- C) Ана тіліне қатысты бар нәрсеге ризашылық қанағат сезімі
- D) Фольклорды зерттеуші
- E) Қазақ тіл білімінің негізгі терминдеріне анықтама беруші
- F) Қазақша әліппе жасаушы
- G) «Тіл туралы» мақала авторы
- H) Қазақ мектептерінің алғаш іргесін қалаушы

22. 1899 жылы «Түркістан ведомостыларында» жарияланған «Қырғыздың аңызындағы әйел», «Қобыланды» атты еңбектің авторы:

- A) Қазақ әліпбесін негіздеуші
- B) «Алаш» қозғалысының жетекшісі
- C) Алғашқы қазақ газетін негіздеуші
- D) Ә. Бөкейханов
- E) А. Байтұрсынов
- F) М. Дулатұлы
- G) Х. Досмұхаметұлы
- H) Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы

23. Қазақ совет мәдениетінің белгілі қайраткерлері:

- A) М.Жұмабаев
- B) С. Сейфуллин
- C) Ы. Алтынсарин
- D) Ж. Жабаев
- E) М.Дулатов
- F) А. Құнанбайев
- G) М. Әуезов
- H) Ш. Уалиханов

24. Ұлттық тарих пен халықтың дәстүрлерін сақтау мәселелері жөнінде Н.Ә.Назарбаевтың еңбегі:

- A) «Шығармалар жинағында»
- B) «Тарих толқынында»
- C) «2050 – Мәңгілік ел идеясында»
- D) ҚР президентінің таңдамалы шығармаларында
- E) «Сындарлы он жылда»
- F) Президенттің жазып жатқан кітабында
- G) «Ғасырлар тоғысындағы Қазақстанда»

25. Қазақтың дүниетанымдық әлеміндегі этикалық принциптердің рөлі:
- А) Сырттан енген саяси технологиялар көмегіне тартыну
 - В) Өзіндік этностық ерекшелігін таныту
 - С) Барлық жоғары қоятындарды ұлттық құндылық ретінде бағалау
 - Д) Гуманистік ұстанымдарды адамаралық қатынастарда биікке қою
 - Е) Сыңаржақты бағалаушылық
 - Ғ) Адамның жеке бас мүддесін дәріптеушілік
 - Г) «Тарихи тұлғаларымызды мақтамайық, олармен мақтанайық»
 - Н) «Батыстық модель» үлгісіне жүгіну

**Қазақ философиясының тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әлеуметтік философия

1. Ғаламдық мәселелер:

- A) Демографиялық
- B) Махаббат
- C) Сауда
- D) Байлық
- E) Астық жинау

2. Әлеуметтану мектебінің теоретиктері:

- A) М. Хейдеггер
- B) К. Ясперс
- C) У.Селларс
- D) М.Шелер
- E) К.Мангейм

3. Қытайдың көне заманнан келе жатқан ұлттық философиялық ілімдері:

- A) Моизм
- B) Индуизм
- C) Натурфилософия
- D) Конфуцийшілдік
- E) Легизм
- F) Даосизм

4. «Атараксия» термині:

- A) Әділеттілік
- B) Өзімшілдік
- C) Рухсыздық
- D) Сабырлылық
- E) Батылдық
- F) Қатыгездік
- G) Ұстамдылық
- H) Даналық

5. Даолықтар үшін «дао»:

- A) Алғашқы негіз
- B) Билеуші
- C) Рәсім -ритуал
- D) Қытайдың даму жолы
- E) Әлем заңы
- F) Адамның саяси өнегелік мінез- құлқы

6. Орта ғасырлық дүниетанымға тән сипат:

- A) Томизм
- B) Космоцентризм
- C) Антропоцентризм
- D) Геоцентризм
- E) Әлемнің бастамасы
- F) Схоластика

7. Орта ғасырлық бағыттар:

- A) Структурализм
- B) Патристика
- C) Сцентизм
- D) Позитивизм
- E) Реализм

8. И.Кант бойынша негізгі әлеуметтік философиялық болып табылатын сұрақтар:

- A) Мен нені танып біле аламын?
- B) Мен нені біле аламын?
- C) Мен нені түсіне аламын?
- D) Антропология дегеніміз не?
- E) «Өзіндік зат» дегеніміз не?
- F) Философия дегеніміз не?
- G) Мен неге үміттенемін?
- H) Адам деген не?

9. Мәдениет:

- A) Өңдеу
- B) Қала, қалалық
- C) Адамның іс-әрекетінің нәтижесі
- D) Адамның қоғамда қалыптасу, даму үрдісі
- E) Жетілдіру
- F) Басқаларға төзімді болу

10. Бір мүшелден екінші мүшелікке өту, мүшелік жас ерекшелігі:

- A) 49, 61
- B) 37, 48, 61
- C) 36, 49
- D) 13, 27
- E) 25, 37
- F) 13

11. Капитализмнің пайда болуы мен даму ерекшелігін М. Вебер байланыстырды:

- A) «Түсінуші социология» ұғымымен және «әлеуметтік іс-әрекет теориясымен
- B) Бұқаралық мәдениет теориясымен
- C) Волонтаризммен
- D) Протестанттық этикамен
- E) Діннің дамуының әлеуметтік-эволюциялық үлгісімен

12. Ұлттық мәселені басты ете отырып, орыс діни философиясын дамытқан:

- A) Н.А. Бердяев
- B) Л.И. Шестов
- C) В. Маяковский
- D) И.Киреевский
- E) Ю.Самарин
- F) Г. Флоровский

13. Диалектика заңдары:

- A) Бара-барлық заңы
- B) Қозғалыс пен тыныштық
- C) Терістеуді терістеу
- D) Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі
- E) Сандық өзгерістің сапаға ауысуы

14. Әлеуметтік философиядағы адамға берілетін анықтама:

- A) Мадани хайуани
- B) Басқару туралы ілім
- C) Адам – саяси жануар
- D) Адамды өзгеше жаратылыс ретінде сипаттайтын белгілер
- E) Әлеуметтік, шығармашылық

15. Ф.Фукуяманың «тарихтың ақыры» идеясының негізі:

- A) Ақылға сиымды қалау, яғни адамдар материалдық игіліктерді жинақтау жолымен өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады
- B) «Адам бол» қағидасы
- C) Менің білетінім ештеңе білмейтінім
- D) Адамды адам еткен еңбек
- E) Адам адамға қасқыр
- F) «Білім -күш»

16. Адам қоғамы:

- A) Жануарлар табыны
- B) Адамдардың ұрпағы
- C) Тірі жүйелердің дамуындағы жоғарғы сатысы
- D) Екі және одан көп адам
- E) Табиғат әлемі
- F) Индивидтердің қосындысы

17. «Әлеуметтік әрекет»:

- A) Адам дүниеге өз көзімен қарайды, бірақ оны өзін қоршаған әлеуметтік ортада қалыптасқан көзқарастар, ойлар арқылы түсінікке салады
- B) Болып жатқан өзгерістер барлық қоғамдық құрылымды бейімділікке және соған сай болуға мәжбүрлейді
- C) Қоғам қарапайымдылықтан күрделіге қарай ығысады
- D) Экономикалық ұйымдар, саяси жүйелер, қоғамдағы мәдени құндылықтар өзгеріске ұшырап отырады
- E) Сенімсіз теорияларды жоққа шығарады

18. Ф.Ницше пікірі бойынша қоғам дамуы дионистікке, күш-қуатқа деген жігер:

- A) Табиғилыққа қайта оралу
- B) Болмыс жайлы жаңа ілімге келу
- C) Өзге тұрпатты адамға айналу
- D) Шығыстық дүниетанымға басымдық беру
- E) Әлемді билеуге деген жігер
- F) Құндылықтарды қайта бағалау
- G) Абсолюттік үстемдікке деген ұмтылыс
- H) Өзіңді билеуге жігер

19. Субмәдениетке тән ерекшеліктер:

- A) Ортақ мәдениет
- B) Халықтық мәдениет
- C) Өзіндік мәдениет
- D) Бұқаралық мәдениет
- E) Шаш қою, әртүрлі алқа, жүзік
- F) Слэнг
- G) Бейне косметикалық элементтер

20. Ш.Л. Монтескьенің әлеуметтік философиясының мәні:

- A) Табиғи құқық концепциясының негізінде азамат және адам құқығы концепциясы негізі қаланады
- B) Географиялық орта мәдениетке ықпал етеді
- C) Бостандық – ол заңдылықпен жүзеге асыру құқығы
- D) Климат, табиғат, топырақ және жер бетінің жағдайы қоғамдық дамудың сипаттамасын және халық рухын анықтайды
- E) Заңдар математика заңдары сияқты объективті және тұрақты
- F) Төменгі таптағылардың да, ақсүйектердің де адамзаттық табиғаты бір және олар бірге өркениет кеңістігіне ене алады
- G) Табиғи құқыққа жататындар: бостандық, құқық жағынан теңдік, меншік, қауіпсіздік және отаршылдыққа қарсылық көрсету
- H) Адамдар сыни сананың талқысына көніп, заң алдында барлығы бірдей, тең және барлық адамзат тең деңгейде бостандықпен туылғандығын түсінуге тиіс

21. Қоғамның толық мүшесі екендігін дәлелдейтін индивидтің белгілері:

- A) Иррациональдық
- B) Креативтік
- C) Әлеуметтік дифференциация
- D) Діндарлық
- E) Институциональдық іс-қызметтің көмегімен жүзеге асатын процесс
- F) Структуризациялық
- G) Қоғамда әлеуметтік эволюция процесінің барысында жүзеге асатын іс-қызметтің мамандануы

22. Қоғамдық-экономикалық формацияның қатарына енбейтіні:

- A) Феодализм
- B) Жеке
- C) Капитализм
- D) Коллективтік (ұжымдық)
- E) Архаикалық
- F) Идеалдық
- G) Монархия
- H) Азиялық

23. «Мәдениет» пен «өркениет» мағынасын тепе-теңестіріп, бір мағынада берген:

- A) И.Гердер
- B) Л.Морган
- C) Дж.Фрезер
- D) Ж.Ж.Руссо
- E) А.Гумбольд
- F) Н.Бердяев
- G) О.Шпенглер

24. Уилберт Мур бойынша әлеуметтік өмірдің бірінші типологиясы:

- A) Әрекеттердің деңгейін уақыт бірлігінің ішінен айқындау
- B) Қала тұрғызуға ат салысу
- C) Қатысушылардың бір-біріне деген өзара тәуелділігі артқан сайын уақыттық синхронизацияның қажеттілігі арта түседі
- D) Әлеуметтік өмірдің бастапқы талабы белсенділік синхронизациясы
- E) Уақыттың циклдік көрінісінің үстемдік ететін маңызды салаларын да тыс қалдырмайды
- F) Өз отбасының мүмкіндіктерін арттыру
- G) Уақыттың ежелгі және қазіргі индустриалды қоғамдағы рөлінің айырмашылығы бар

25. В. Джеймстің прагматизмі:

- A) Әлеуметтік оптимизм
- B) Әлемнен тыс Жасағанға қызмет ету, теизм
- C) Ақиқат пен мүдде, ықыластың сәйкес келуі, одағы
- D) Скептицизм мен пессимизмді жеңу
- E) Жаратушының ішкі жан дүниесіне деген сенім, магизм
- F) Идеализм мен оптимизмді еңсеру
- G) Жеке даралықтың идеялық көрінісі
- H) Белсенді таңдау

**Әлеуметтік философия
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әлеуметтік антропология

1. Адам қызметінің мәдени және әлеуметтік формаларының өзара байланыстары туралы ғылым ретіндегі әлеуметтік антропологияның зерттеу объектісі:
 - A) наным сенімдер мен құндылықтар
 - B) атомдар мен молекулалар
 - C) литосфера мен гидросфера
 - D) валенттілік пен масса
 - E) инфляция мен девальвация
 - F) ауа райы мен климат

2. Әлеуметтік антропологияның эмпирикалық әдістері:
 - A) байқау
 - B) формальдандыру
 - C) салыстыру
 - D) абстракциялау
 - E) идеалдандыру

3. Моральдің негізгі қызметі:
 - A) Тәрбие
 - B) Ұйымдастыру
 - C) Ағартушылық
 - D) Нотация оқу
 - E) Реттеу

4. Магияны зерттеу барысында әлеуметтік антропологияға қатынастағы ғылым:
 - A) палеоботаника
 - B) остеология
 - C) жүйелі техника
 - D) әлеуметтік психология
 - E) дінтану

5. Дәстүрлі схема бойынша қоғамдық сананың негізгі формалары:
 - A) Әдет - ғұрып
 - B) Саясат
 - C) Ғылым
 - D) Өнер
 - E) Болмыс
 - F) Құндылық

6. Әлеуметтік дамудың субъектісі:

- A) Тұлғалар
- B) Үрейді білмейтін адамдар
- C) Тайпалар
- D) Таптар
- E) Тобыр

7. Адамзат қауымдастықтарындағы мәдени бейімделудің индустриалдыққа дейінгі кезеңдерінің ерекшеліктеріне жатады:

- A) бұқаралық сананың пайда болуы
- B) табиғи ландшафт басымдылығы
- C) өнімдер айырбасы
- D) тұлғаның стандартизациясы
- E) өндіріс технологиясының қарқындылығы
- F) территория үшін күрес

8. Прагматизм философиясының негізгі ұғымдары:

- A) пайда
- B) фальсификация
- C) интенциональность
- D) “құбылыс”
- E) верификация

9. Мәдениеттің көп аспектілігі мен күрделілігінің көрінісін сипаттайтын оның антиномиялығынан көрініс беретін түсініктер:

- A) мәдениеттегі жамандық пен жақсылық
- B) мәдениеттегі ерекше мен бұқаралық
- C) мәдениеттегі қажетті нәрселер мен қажетсіздер
- D) мәдениеттің оңы мен солы
- E) мәдениеттегі логикалық пен логикасыздық
- F) мәдениеттегі әсемдік пен сұлулық

10. Мифология адамзат көзқарасының тарихи алғашқы дүниеге көзқарасы ретінде сипатталатын ерекшеліктер:

- A) адамдар әлемді тәжірибе мен эксперименттер арқылы түсіндірді
- B) адамдар әлемді логикалық тұрғыдан түсіндірді
- C) адамдар әлемді объективтік заңдардың негізінде түсіндірді
- D) әлемнің ғылыми бейнесі жасалды
- E) адамдар әлемді образдар арқылы түсінуге тырысты
- F) фантазия мен шындық араласып кетті
- G) адамдар әлемге экономикалық қатынаста болды

11. Э.Кассирер бойынша адам символдық әлемде өмір сүреді:
- A) Тіл
 - B) Антропогенез құпиясы
 - C) Мүмкін еместік идеясы
 - D) Ғылым
 - E) Өнер
12. В.Франкл бойынша бақыт:
- A) Сол үшін себептен автоматты түрде, өзінен өзі өрбиді
 - B) Мақсатқа жеткендік әсері
 - C) Мақсат пен мәнділіктен туындаған
 - D) Тұрақтылық нәтижесі
 - E) Шындық дәлелі болып табылады
 - F) Оған деген мақсаттылықтан келіп шығады
13. Э.Фромм пайымдауынша «еркіндіктен безінудің» механизмі:
- A) Төзімділік
 - B) Махаббат
 - C) Авторитаризм
 - D) Билік
 - E) Шығармашылық еңбек
14. Адамдарды «табиғаттың патшасы» ететін рационалды ойлаудың жаңа мәдениетін қалыптастыра отырып, жаңа еуропалық философ Р.Декарт:
- A) «сенемін өткені абсурдты» принципін қалыптастырды
 - B) таным тәсілі ретіндегі индукция концепциясын өңдеді
 - C) таным тәсілі ретіндегі дедукция концепциясын өңдеді
 - D) «табиғатқа қарай оралу» принципін қалыптастырды
 - E) таным тәсілі ретіндегі верификация концепциясын өңдеді
 - F) «ойлаймын, сәйкесінше өмір сүремін» принципін қалыптастырды
 - G) «Әдіс туралы пайымдау» шығармасын тудырды
15. Адамзаттың болашағын табиғатты танудағы ғылымның жетістіктерімен және оның заңдарымен байланыстыра отырып, жаңа еуропалық философ Ф.Бэкон:
- A) «сенемін, немесе абсурдты» принципін қалыптастырды
 - B) таным тәсілі ретіндегі верификация концепциясын өңдеді
 - C) таным тәсілі ретіндегі индукция концепциясын өңдеді
 - D) «табиғатқа қарай оралу» принципін қалыптастырды
 - E) «Ғылымдарды ұлы қалпына келтіру» шығармасын тудырды
 - F) «Әдіс туралы пайымдау» шығармасын тудырды
 - G) «күш білімде» принципін қалыптастырды

16. Неміс философы И.Фихтенің антропологиялық концепциясы:

- A) «ғылымға үйрену» принципіне негізделеді
- B) материализмнің дәстүрлеріне негізделеді
- C) утилитаризм принципіне сүйенеді
- D) «монадалар» туралы іліммен байланысты
- E) субъективтік идеализм принциптеріне негізделеді
- F) абсолютті «Мен» концепциясымен байланысты

17. XVIII ғасырдағы француз философы Ламетридің антропологиялық концепциясы:

- A) Адамды Құдайға ұқсас деп анықтады
- B) Декарт пен Лейбництің философиясына ықпалы болды
- C) Тек материалистік сипатқа ие болды
- D) Адамды сұлулықтың идеалы ретінде анықтады
- E) Адамды машина ретінде анықтады
- F) Символикалық сипатқа ие болды

18. Позитивизм философиясының негізін салушы О.Конттың пайымдауынша, қоғам өзінің дамуындағы сатылар:

- A) позитивтік
- B) теологиялық
- C) коммунистік
- D) капиталистік
- E) дәстүрлі
- F) феодалдық
- G) индустриальдық

19. Махаббат зерделі адамға лайықсыз ессіздік күйі деп түсіндіріледі:

- A) Еуропа әдебиетінде
- B) Ортағасырлардағы христиан дінінде
- C) Ортағасырлық Шығыста
- D) Мұсылмандық Испанияда
- E) Жаңа дәуірде (XVII)
- F) Ағартушылық дәуірінде
- G) Антика дүниесінде

20. З.Фрейд пен К.Юнгтің көзқарастарына қатысты айтуға болады:

- A) Ұстазының үмітін ақтау
- B) Ұстазының шектен шыққан догматизм мен позитивизмін қабылдаудың мүмкін еместігі
- C) Батыстық рационалдылыққа адалдық
- D) Шығысқа деген қызығушылық
- E) Идеялық сабақтастық
- F) «Платон менің досым, бірақ ақиқат оданда қымбат» түсінігі
- G) Ұстазының оккультизммен парапсихологияға деген теріс көзқарасы

21. З. Фрейд бойынша түс көру:

- A) Невроздың құрылымына сәйкес құрылым
- B) Атманның Брахманға жақындауы
- C) Атманның Абсолютпен толық қосылуы
- D) Бейсаналылыққа алып баратын негізгі жол
- E) Жан-дүниенің шынайы өмірі

22. XX ғасырдағы француз философы М.Фуконың әлеуметтік-антропологиялық көзқарастарының ерекшелігі көрінеді:

- A) «ғылыми білім өсімінің логикасын» іздестіруден
- B) «санасыздық архетиптерін» өңдеуден
- C) структурализмнен постструктурализмге өту кезінде
- D) «білімдер археологиясын» өңдеуден
- E) «ғылыми парадигманы» өңдеуден
- F) экзистенциализмнен феноменологияға өту кезінде
- G) логикалық позитивизмнен постпозитивизмге өту кезінде

23. Ф. Ницше бойынша дионистікке, күш-қуатқа деген жігер:

- A) Шығыстық дүниетанымға басымдық беру
- B) Өзге тұрпатты адамға айналу
- C) Табиғилыққа қайта оралу
- D) Болмыс жайлы жаңа ілімге келу
- E) Абсолюттік үстемдікке деген ұмтылыс
- F) Өзінді билеуге жігер
- G) Әлемді билеуге деген жігер

24. К.Ясперс бойынша тарих:

- A) Жалпылауға бағытталған болуы керек
- B) Қатаң ғылымилықтан бас тартуы қажет
- C) Шындық та, тарих ғылымы да - бұл шексіз түсіндірулер мен ұсыныстар, нұсқалар, болжам-долбарлар аймағы
- D) Мейлінше дәлдік критерийлерін ұстануы қажет
- E) Ғылымнан субъектіні шығаруы керек
- F) Зандылықтарды анықтауы қажет

25. XX ғасырдың ағылшын ойшылы К.Поппер «Ашық қоғам дұшпандары» деп таныды:

- A) Сенека
- B) Эпикур
- C) Ф.Ницше
- D) Ф.Бэкон
- E) Г.Гегель
- F) Платон

**Әлеуметтік антропология
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**